

"Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 30 қантардағы № 1/54 қаулысы. Алматы қаласының Әділет департаментінде 2015 жылғы 5 ақпанда № 1121 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 26 сәуірдегі № 2/266 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 26.04.2019 № 2/266 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Зандарына, V сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XXXV сессиясының "Алматы қаласын басқару сызбасын бекіту туралы" 2013 жылғы 5 шілдедегі № 144 шешіміне, Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы әкімдігінің құрылымы туралы" 2013 жылғы 15 шілдедегі № 3/606 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 23 қантардағы № 1/33 қаулысына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

3. Алматы қаласы Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қаржыландыруды қарастырсын.

4. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Алматы қаласының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыны интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысы Б. Қарымсақовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

А. Есімов

Алматы қаласы әкімдігінің

2015 жылғы 30 қантардағы

№ 1/54 қаулысымен бекітілді

"Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Алматы қаласының аумағында жерді пайдалану мен қоргауды бақылау саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және Зандарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, Алматы қаласы әкімдігінің қаулыларына, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық түрдегі заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің, егер Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес оған уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

6. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрықтары мен Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да актілерімен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: 050008, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Әуезов көшесі, № 107 үй.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің толық атауы:

мемлекеттік тілде: "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: Коммунальное государственное учреждение "Управление по контролю за использованием и охраной земель города Алматы".

10. Осы Ереже "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

13. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы болып Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 145 бабының 1 тармағына сәйкес өз құзыреті шегінде жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру белгіленген.

14. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-1 бабының 4 тармағына сәйкес айқындалған "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің міндеттеріне:

1) жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

2) жер заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде орындалуы міндетті нұсқамалар беру;

3) жер заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарau;

4) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 148 бабы 1 тармағының 4) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша сотқа талап қоюды дайындау және беру;

5) пайдаланылмай жатқан не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жерді анықтау және мемлекеттік меншікке қайтару;

6) егер құрылыш, пайдалы қазбалар кен орындарын қазу, объектілерді пайдалану, геологиялық-барлау және басқа жұмыстар жер заңнамасын, жерді пайдаланудың белгіленген режимін бұза отырып жүзеге асырылып жатса, сондай-ақ бұл жұмыстар сараптамадан өтпеген немесе теріс қорытынды алған жобалар бойынша жүргізіліп жатса, оларды тоқтата тұру жатады.

15. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 147 бабының 2 және 3 тармақтарына сәйкес белгіленген "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функцияларына:

1) мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасын, жер участекерін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланудың белгіленген режимін сактауына;

2) жер участекерін өз бетінше иеленіп алуға жол бермеуге;

3) жер участеклерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарының сақталуына;

4) жер участеклерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру және сақтау жөніндегі ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, орман мелиорациялық және эрозияға қарсы гидротехникалық іс-шаралар кешенін уақтылы және дұрыс жүргізуіне;

5) жер участеклерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың өздерінде жердің бар-жоғы, олардың жай-күйі мен пайдаланылуы туралы мәліметтерді мемлекеттік органдарға уақтылы беруіне;

6) жердің жай-күйіне әсер ететін тұрғын жай және өндірістік объектілердің жобалануына, орналастырылуы мен салынуына;

7) жерді жақсарту жөніндегі, топырақ эрозиясының, тұздану, батпақтану, су басу, шөлейттену, құрғақтану, тығыздалу, қоқыстану, ластану және жердің тозуын туғызатын басқа да үдерістердің салдарын болғызыбау мен жою жөніндегі іс-шаралардың уақтылы және сапалы орындалуына;

8) азаматтардың өздеріне жер участеклерін беру туралы өтініштерін (өтінішхаттарын) қараудың белгіленген мерзімдерінің сақталуына;

9) межелік белгілердің сақталуына;

10) жергілікті атқарушы органдар уақытша жер пайдалануға берген жердің уақтылы қайтарылуына;

11) бұлінген жердің қалпына келтірілуіне;

12) жердің бұлінуіне байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатының сыйдырып алынуына, сақталуына және пайдаланылуына;

13) жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі жерге орналастыру жобаларының және басқа да жобалардың жүзеге асырылуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді;

14) азаматтар мен занды тұлғалардың өтініштерін қарau;

15) гендерлік аспектілерді қарau;

16) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген өзге де мәселелер кіреді

16. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 148 бабының 1 тармағына сәйкес белгіленген "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құқықтары:

1) кінәлілерді жауапқа тарту туралы мәселені шешу үшін Қазақстан Республикасының жер заңнамасының бұзылуы туралы материалдарды тиісті органдарға жіберу;

2) Қазақстан Республикасы жер заңдарының бұзылуы туралы хаттамалар (актілер) жасау;

3) Қазақстан Республикасының жер зандарын бұзғаны үшін әкімшілік жазалау туралы қаулылар шығару;

4) Қазақстан Республикасының жер заннамасын бұзу салдарынан келтірілген шығынды өтеу туралы, өз мақсатында пайдаланылмай не Қазақстан Республикасының заннамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жер участекерін мәжбүрлеп алғы қою туралы, жер участекерін беруге, мемлекет мұқтажы үшін алғы қоюға, мәжбүрлеп иеліктен шығаруға байланысты құқыққа сыйымсыз шешімдердің күшін жою туралы, сондай-ақ жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдарының анықталған Қазақстан Республикасы жер заннамасын бұзушылықтарды жою жөнінде берген нұсқамаларын осы нұсқама берілген тұлғалар нұсқамада көрсетілген мерзімде орындаған не тиісінше орындаған жағдайда оларды орындау туралы және жеке, лауазымды және занды тұлғалардан айыппұл өндіріп алу туралы істер бойынша сотқа талап-арыз дайындау және беру;

5) қызметтік күәлігін көрсеткен жағдайда, ұйымдарға кедергісіз кіруге, меншіктегі және пайдаланудағы жер участекерін тексеруге, ал әскери, қорғаныс және басқа да арнаулы объектілер алғы жатқан жер участекерін - оларға кірудің белгіленген режимін ескере отырып, тексеру;

6) жер участекерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға жерді қорғау, Қазақстан Республикасы жер зандарының бұзылуын жою мәселелері бойынша орындалуға міндетті нұсқамалар беру;

7) өнеркәсіптік, азаматтық және басқа да құрылыштар, пайдалы қазба кен орындарын игеру, объектілерді пайдалану, агротехникалық, орман мелиорациялық, геологиялық-барлау, іздестіру, геодезиялық және өзге де жұмыстар, егер олар Қазақстан Республикасының жер зандарын, ерекше қорғалатын аумақтар жерін пайдаланудың белгіленген режимін бұза отырып жүзеге асырылса және топырақтың құнарлы қабатының жойылуына, ластануына, залалдануына немесе бүлінуіне, эрозияның күшеюіне, тұздануға, батпақтануға және шектес аумақтарды қоса алғанда, топырақ құнарлылығын төмендететін басқа да үдерістерге әкеп соғуы мүмкін болса, сондай-ақ егер бұл жұмыстар экологиялық сараптамадан өтпеген не теріс қорытынды алған жобалар бойынша жүзеге асырылса, оларды тоқтата тұру;

8) мемлекеттік органдардан жер қорының жай-күйі туралы статистикалық ақпаратты алу;

9) жерге құқықты белгілейтін және сәйкестендіру құжаттары болмаған жағдайда тұрғын жай және өндірістік объектілердің салынуын тоқтата тұру;

10) мемлекеттік бақылауды тексеру түрінде және өзге де түрде жүзеге асыру.

17. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 148 бабының 2 тармағына сәйкес белгіленген "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының жер заңдарын бұзушыларға уақтылы шаралар қолдану;

2) жүргізілетін тексерулердің материалдарын объективті түрде дайындау.

18. Респубикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының жер қатынастары саласындағы құрылымдық бөлімшелерімен жерлерді тиісті мақсатына сәйкес пайдаланылмай немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланған жерлерді мемлекет меншігіне қайтару бойынша өзара іс-қимылдар жасау.

19. Респубикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының жер қатынастары саласындағы құрылымдық бөлімшесіне, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 65 бабында көзделген міндеттерді орындаған жағдайда, біржақты тәртіpte уақытша жер пайдалану шарттарын бұзу туралы ұсыныс енгізу.

3. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

20. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өзінің функцияларын жүзеге асыруға дербес жауап беретін басшы жүзеге асырады.

21. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысын Алматы қаласы әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

22. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары болады, ол Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

23. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттіктері:

1) "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басқарады;

2) өзінің орынбасары мен "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бөлім басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

3) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы шараларды қабылдайды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдау үшін жеке жауап береді;

4) заңнамаға сәйкес "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін ынталандырады, тәртіптік жауапкершілікке тартады;

6) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

7) "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бөлімдері туралы ережелерді бекітеді;

8) мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мұддесін білдіреді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі

24. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оралымды басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

"Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен қалыптастырылады.

25. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамамен өзгеше белгіленбесе, "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Алматы қаласы Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.